



Кескіндеме

Кескіндеме – бейнелеу өнерінің неғұрлым бай әрі кемел түрі, онда бейнелеудің сан алуан құралдары қоданылады.

Кескіндеме – белгілі бір заттың бетіне бояу арқылы салынатын көркем шығармалар атауы.

Кескіндеме – шындықты бейнелеуде көрерменге тікелей әсер ететін өнер құралы.

Кескіндеме дәуірдің рухани мазмұны мен әлеуметтік бейнелеп, сонымен қатар белгілі бір идеологиялық концепциялар негізінде оларға баға береді.




```
graph TD; A[сәуле] --- B[Кескіндеменің пайдаланатын құралы]; B --- C[бояу]; B --- D[рең]
```

сәуле

Кескіндеменің
пайдаланатын
құралы

бояу

рең



Сәулені бояу рендерімен нәзік астастыру арқылы өмір құбылыстарының айқын да шынайы көріністері жасалады.

- **Бояу** - кескіндемеде түсті көрсетудің негізгі құралы
Бояу түрін құбылту - суреттің мазмұнына қарай кескіндемедегі негізгі әдіс.
Бояумен жұмыс істегенде түстерді бір – бірімен үйлестіре отырып сурет салады
- **Рең** - ақ түс пен қара түс арасындағы қатынас, яғни жарық пен көлеңке арасындағы айқын қарама – қарсылықты рең деп айтамыз. Түстердің бір – бірімен дұрыс үйлестірілген түрін түстік рең деп атаймыз. Түстік рең жылылау, суықтау, қызғылттау, көгілдір – сарылау, тағы басқа түрге бөлінеді
- **Сәуле**, яғни шағылысу(рефлекс) - бұл жарықтың бір заттың бетінен екінші заттың көлеңкелі бөлігіне шағылысып түсуі. Бір - біріне жақын тұрған заттардың өзара байланысу әсері болады.

Кескіндеме туындыларын жасауда акварель, гуашь, пастель, тушь та молынан қолданылады.

Кескіндеме – тақырып аясы кең, көп жанрлы (тұрмыс-салт көріністері, соғыс жанры, хайуанаттар тақырыбы, т.б.) өнер саласы.

Кескіндеме - арналуына, орындалу сипатына, бейнелеріне қарай
4 топқа бөлінеді.


МОНУМЕНТТІ-
СӘНДІК

ҚОНДЫРҒЫЛЫ

сәндік
суреттер

диорама
панорама

1) Монументтік сәндік кескіндеме - (қабырға бетіне, үйдің ішкі төбесіне (плафондар), қабырғасына (панно) салынатын суреттер)



Фреска



Фреска – әктелгенсіз қабырғаға суға езілген бояуымен салынатын сурет.

Мозайка



Мозайка – смальта мен асыл шынының түрлі түсті сынықтарынан құрастырылған сурет.

Панно




Панно – үйдің ішкі және сыртқы қабырғасын безендіру үшін қолданылатын көлемді кескіндемелік сурет.

Витраж

Витраж – терезеге салынатын шытыра сурет.
Ол француздың терезе, әйнек деген мағынадағы сөзінен шыққан.





2) Арнаулы мольбертте орындалған сурет «қондырғылық кескіндеме» деп аталады.

